



### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

# ҚАЛАДАҒЫ СЕНБІЛІК: КЕПКЕН АРЫҚТАРҒА СУ ЖҮГІРДІ

Бұл жолғы сенбіліктің жөні бөлек. Көктем сайын ұйымдастырылатын науқандық тазалау жұмысына да ұқсамайды. Нақты мақсат, нәтижеге бағытталған сенбілік. Тағы бір атап айтарлығы, бұл сенбілікке қатардағы қызметкерлер, тазалықшылар ғана емес, шаһар басшысынан бастап барлық сала басшылары шықты. Жүздері күнге күймеген, жел қақтамаған шенеуніктер талай жылдан бері көміліп қалған су жолын аршып, кепкен арықтарға су жүгіртті. Өздерінің де маңдайы терледі. Осылайша, қала әкімі командасына кабинетте отырып іс бітпейтінін дәлелдей түсті. Шаһар басшысы бастаған қызметкерлер қалалық канал арнасының 20 жылдан бері су жүрмеген бөлігін ашты. Сенбілікке дербес бөлімдер мен ауылдық округтер де өз үлестерін қосты.



Қалалық каналдың көзін ашу Жібек жолы мен Сарқырама су арналарын біріктіру мақсатында жүрді. Сырдағы судың аздығы аяқ судың жайын қиындатып тұрған кезеңде қала әкімі қос каналды біріктіру бастамасын көтерген болатын. Бүгін екі су арнасын байланыстырып, сарқырамаға су беру жобасының алғашқы жұмыстары басталды. Канал іші әкімдік қызметкерлерінің күшімен тазаланып, су жиналатын орын бетон өнімдерімен жабықталды.

Ал қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары, жолаушылар көлігі және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев «Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес қалалық каналды тазалап, Төле би көшесінің бойында яғни арнаның сарқырамамен қосылар жеріне насостық құрылғы орнатып, су арналарын қосу бағытында жұмыстар жүріп жатыр», – деді.

Аталған жұмыстар апта көлемінде толығымен аяқталып, Сарқырама мен қалалық су арналары қосылып, қала орталығындағы тұрғындарға қажетті аяқ су жеткізілетін болады.

«Ақмешіт-ақпарат»

### ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА



## СЫР БОЙЫНА СЕРПІН БЕРГЕН КӘСІПКЕРЛІК

Әлем елдерімен терезесі тең қарым-қатынас орнатудың төте жолы – мығым экономикалық күш-қуат. Бәсекеге қабілетті елдердің ең негізгі көрсеткіші дәл осы салаға тікелей қатысты екені жасырын емес. Егемендікке қол жеткізген жылдары Қазақстан үшін де шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бірден-бір басым бағытқа ие еді. Бүгінде түрлі жобалар іске асып, жеңілдік пен субсидия еншілеген кәсіп иелері салада белгілі тұлғаларға айналып үлгерді.

Мұндай жетістіктің негізгі күші мемлекеттік бағдарламалар екені даусыз. Әсіресе, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен қабылданған «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы кәсіпкерлікке жаңа қарқын сыйлады. 2017 жылы бастау алған жоба елдегі жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындардың арасындағы кәсіпкерлікті арттыру, отбасылық және елді мекендегі шағын кәсіпкерліктің дамуына негізделді.

Сыр өңіріндегі кәсіпкерлік саласы да ауыз толтырып айтарлық жаңалыққа толы. Жыл сайын жүздеген тұрғын жаңа кәсіп бастап, аймақтың экономикалық әлеуетіне ықпал етсе, жаңа жұмыс орыны жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне сеп болды. Бүгінде облыста 48657 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді. Ал облыс орталығы – Қызылорда қаласында 22 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысаны бар екен. Аталған кәсіпкерлік нысанының 21 проценті шаруа қожалығы болса, 67 проценті жеке кәсіпкер, 12 проценті заңды тұлғалар. Тұрғындар кәсіп бастауда мемлекеттік бағдарлама игілігін көруде. Оған қоса кәсіпкерлерді қолдау мақсатында облыстық кәсіпкерлер палатасы жүйелі жұмыс істеп келеді. Былтыр палата кеңесшілері 1785 кәсіпкерге тиісті көмек көрсетсе, 4 мыңнан астам азаматқа осы бағытта қажетті кеңес берген. Нәтижесінде жаңадан 54 жобаны іске асыруға мүмкіндік алынды. Мәселен, «Бастау» жобасы аясында жалпы сомасы 422,1 млн теңге болатын 746 жоба қаржыландырылған. Міне, осылайша кәсіпкерлік саласының өркендеуі 50 мыңнан астам қызылордалық тұрғынның нақты жұмыспен қамтылуына жол ашты.

Сонымен қатар «Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы» да тың өзгеріске ықпал етті. Үкіметтік және өңірлік бағдарламаларды біріктіріп, оны тиімді пайдалану және бағдарламалар шеңберіндегі қаражаттарды ауылдық елді мекендердің азаматтарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жол картасы әзірленді.


Оған қоса, ауылдық жерлердегі жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың қайтарымсыз гранттар мен шағын несиелерге қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін арнайы алгоритм, типтік бизнес-жоспарлар дайындалып, жобаларды сүйемелдеу үшін әрбір ауылдық округке облыстық деңгейден жауапты тұлғалар бекітілген. Жалпы облыс бойынша 2,5 мың жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар ісін бастауға мемлекеттік бағдарламалар аясында 1,7 млрд теңгеден аса қайтарымсыз грантка қол жеткізді.

### «ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ» ҚАРҚЫНЫ

Қазақстанның кәсіпкерлік саласында ұстанған саясаты жан-жақты даму мен әртарапандыру жүйесіне құрылғаны анық. Соның бір жемісі дәлелі – «Қарапайым заттар экономикасы» үкіметтік бағдарламасы. 2019 жылдан бастап өңдеуші өнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған аталған бағдарлама өз нәтижесін беруде. Мысалы, жыл көлемінде кәсіпкерлік нысандарының екінші деңгейлі банктер арқылы 1,9 млрд теңге несиелермен қаржыландырылған 43 жобасы бағдарлама аясында субсидияланған. Қазіргі таңда «Бизнесің жол картасы» бағдарламасымен 193 жоба субсидияланса, алдағы уақытта тағы 161 жоба жүзеге асуы мүмкін. Бұл жобалар «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша жобалық кенесінің қарауында талқылануда. Сондықтан аталған бағдарлама аймақтағы жаңа өндіріс көздерін ашып, экспорт көлемін ұлғайтуға және инвестиция тарту үшін жаңа мүмкіндікке айналды десек артық емес.

### ДЕНСАУЛЫҚ

## COVID-19. ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЙТАДАН «САРЫ АЙМАҚТА»



23 мамырда Қызылорда облысында коронавирустық инфекцияның 43 жағдайы тіркелді. Оның ішінде 29 адам – Қызылорда қаласынан. Анықталған 43 науқастың 22-інен вирус белгісі байқалса, 21 адам ауруды симптомсыз өткеруде. Қазіргі таңда 43 адамның ішінде 13 науқас инфекциялық стационарға жатқызылған. Одан бөлек, 30 науқас үй жағдайындағы бақылауға алынған.

жатқызылып, жүктеме көрсеткіші 42 процентті құрап отыр.

Вакциналау науқаны басталғалы қала бойынша 35545 адамға «Covid-19» вирусына қарсы вакцинаның I компоненті егілген. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мәліметінше, екіпеленген тұрғындар арасында денсаулық жағдайына шағымданушылар жоқ. Ал вирусқа қарсы вакцинаның II компонентінің 67925 дозасы облысқа жеткізіліп, бүгінде оның 24418-і игерілген.

2021 жылғы 24 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасында Қызылорда облысы «сары аймаққа» енді.

А.НУРАЗҒАЛИ

Сонымен қатар анықталған деректің 24-і жаңа ошақ деп танылған. Олардың 21-де вирус симптомдары байқалған, ал бір адамнан ақылы сынама тапсырғаннан соң және 2 адамнан жоспарлы стационарға жатар алдында анықталған. Қалған 19 адам қарым-қатынас арқылы жұқтырған.

Сондай-ақ 23 мамырда облыс бойынша 35 науқас коронавирустан жазылып шыққан. Жазылғандардың

18-і – Қызылорда қаласынан. Жалпы эпидемиологиялық маусым басталғаннан осы кезге дейін 92,2 процент науқас, яғни барлығы 5981 адам індеттен айыққан. 23 мамыр күні тапсырылған сынама саны – 341, тексерілгені – 295.

Қазіргі таңда облыс бойынша инфекциялық стационарда – 359 науқас ем қабылдап, жүктемесі 38,6 процентті көрсетуде. Ал реанимациялық төсек-орнына 44 науқас

### АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуірде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

### ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Ерлан МҰСАЕВ,  
қалалық мәслихат депутаты:  
«ХАЛЫҚТЫҢ ҮМІТІН АҚТАЙ  
АЛМАСАМ, МАНДАТЫМДЫ  
ҚАЙТАРУҒА ДАЙЫНМЫН»



Бүгінгі таңда қалалық мәслихатқа сайланған депутаттар шама-шарқы келгенше өз міндетін атқаруда. Мандатын алған әр депутаттың өзіндік миссиясы, мақсаттары бар. Сол мақсаттарына жету үшін тынбай еңбек етіп, халыққа берген уәделерін орындау үшін қызмет етіп жүргендер аз емес. Бұл жолы қалалық мәслихат депутаты Ерлан Мусаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.



Ерлан МҰСАЕВ, қалалық мәслихат депутаты:

# «ХАЛЫҚТЫҢ ҮМІТІН АҚТАЙ АЛМАСАМ, МАНДАТЫМДЫ ҚАЙТАРУҒА ДАЙЫНМЫН»

– Жалпы бұл сіздің ең алғаш рет қалалық мәслихат депутаты болуыңыз. Осы тұста депутат мандатын алғалы өміріңіз қалай өзгерді?

– Уақыт жеткізе алмай жүрмін. Бұрын ұйқыдан тұрып күндік жоспарымды құратын едім. Енді әр адам әртүрлі болады ғой. Қазір тіпті ұйқыдан тұрмай жатып, тұрғындар хабарласып өз мәселелерін айтады. Айтқаны былай тұрсын, айқай-лайыңдары бар. «Депутаттар айлық алады, сол үшін біздің мәселемізді шешіп беруі керек» деп ойлайтындар көп. Алайда қалалық, облыстық мәслихаттың депутаты айлық алмайды. Депутат – өз мойнына қоғамдық жұмыстарды қосымша жүктеп алған адам. Дегенмен танертең мен күндізгі уақыт ештеңе емес, түнде де хабарласып, мәселесін айтатын тұрғындар бар. Мен де кезінде депутаттардың жұмысы рақат деп ойлағанмын. Олай емес екен. Жалпы бір нәрсе туралы сөйлеу үшін ең алдымен соның ішкі ахуалын біліп алу керек екен. Бұған дейін мен «Әлеуметтік желі белсендісі» болғанымда желідегі жазбаларыма неге жауап бермейді деп ойлайтынмын. Шын мәнісінде уақыт керек екен. Әр тұрғынның мәселесін тыңдап, оқылықтарды анықтап шешкің-ақ келеді. Бірақ уақыт...

– Халық пен биліктің арасын жақындату үшін еңбектің жүресі. Осы кезге дейін бірнеше қабылдау да жүргіздіңіз. Жалпы осы қабылдауға келген тұрғындар қандай сұрақпен жүгінді және тұрғындар мәселесі қаншалықты шешімін тапты?

– Негізі мен статистика жүргізбеймін. Мысалы, жас буын өкілдері «Киберспортты дамытайық» деп ұсыныс жасады. Оларға демеуші тауып бердім. Одан бөлек қаладағы III квартал тұрғындары су мәселесі, балалар алаңы мен көгалдандыру мәселесін айтты. Аталған мәселені шешуге көмектестім. Су мәселесіне қатысты «Қызылорда су жүйесі» мекемесімен бірігіп жұмыс атқардық. Алдағы уақытта шешімін табуы керек. Тұрғындар су сапасына шағымданғандықтан, бұл аймаққа келетін су ұңғымадан алынғын, орталық су жүйесіне қосылмақ.

«Әдильвейс», «Орбита», «Еңбек», «Болашақ» деген саяжайлар 2019 жылдан бастап қала есебіне кірді. Алғашқы сессиялардың бірінде осы саяжайлардың жоба-металық құжаттамасына қарастырылған ақшаны қайта қарау мәселесін көтердім. Алдағы уақытта жоба-металық құжаттары дайын болған соң бұл саяжайларда ауыз су, жарық пен жол мәселесі шешілді.

Қалған мәселелер де өз кезегімен шешімін табады

– Қаланың коммуналдық жайына, түйткілі мәселесіне аса мән бересіз. Шаһар басшысы Ғанибек Қазанғаев та осы саладағы мәселелерді шешуге білек сыбана кірісін кетті. Шаһар басшысымен бірігіп шешуді жоспарлаған мәселелер бар ма?

– Қала әкімі Ғанибек Қонысбекұлына өзіннің ойымды айттым. Көп жағдайда қала әкімімен негізгі ой-жоспарымыз сәйкес келеді. Қаланың аяқ су мәселесі, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының жұмыс жүйесін өзгерту секілді жоспарлар бар. Қаланың коммуналдық саласын жүйелеу, автоматтандыру керек. Осы мәселелер турасында шаһар басшысымен ойымыз бір жерден шықты. Алдағы уақытта бірге жұмыстар атқарамыз деп сенемін.

Әрине, мәселе көп, бірақ шешілетін мәселе көп. Біз де барлығын әкімдікке жүктеп қойғанбыз. Осы әдеттен арылып, қоғамның белсенділігін арттыру керек.

Бір мысал, Алматы қаласында әр үйде тұрғындардың коммуналдық төлемдерді уақытылы төлеуін бақылайтын белсенді бір тұрғын болады. Ол бұл үшін арнайы айлық алмайды, бірақ тұрғындар коммуналдық төлемнің маңыздылығын түсінеді. Ал бізде қалай? Көпқабатты үйлердің тек 60 проценти ғана коммуналдық төлемдерін толық төлейді. Бірақ әлеуметтік желіде коммуналдық мекеме жұмысына көңілі толмайтындар көп.

Басы 1-бетте



– Жастар саясатын жетілдіруде «Социум Қызылорда» қоғамдық қорымен бірнеше ігі бастаманың себепкері болдыңыз. Енді депутат ретінде жастарға не істей жатырсыз?

– Пандемияға байланысты қолымыз байланып отыр. Мысалы, қалаға қарасты ауылдарға барып, жастармен кездесу ұйымдастыру жоспарда бар. Дегенмен қазіргі кезде бізде жастар саясатының жағдайы жаман емес. Қазір әр ауылда, ауданда жастар орталығы, қалада ресурстық орталық бар. Жастарға арналған «Серпін», «Дипломмен ауылға» секілді қанаша мемлекеттік бағдарламалар бар.

Өз басым іздеген адам әр кезде өзіне керекті затын табады деп сенемін. Бірақ бізде жастар ізденбейді. Соның қазір жастар арасында «Nur Otan» десе өзгеше, немісқайлы көзқараспен қарау бар. Дегенмен олар партияшылық бағдарламаларды, жобаларды білмейді. Ал сол бағдарламалардың көмегіне жүргізе біраз жеңілдіктерге жететін еді. Негізі өзім де жас болдым. Сол кезде түсінгенім – бізде белсенді жастар 5-6 адамнан әрі аспайды екен. Ал менің ойымша олардың арасындағы белсенділікті көбейту керек.

Негізі қала жастарының саясатына үлесімді қостым, әлі де қосып келемін. Жастармен байланысымыз да үзген жоқпын. Оларды жана бастамаларына қолдау көрсетіп, өзіндік бағыт-бағдарымды беріп келемін. Бір мақсатым бар – ол қала жастарын көшбасшы ету. Олардың мәдениетін, қоғамдық белсенділігін көтеру. Мысалы, ауылдан келген жас өзі «үлкен ауылға» емес, қалаға келгенін сезінуі керек. Сондықтан қала жастарымен көп жұмыс істеу керек. Иә, мен де өз тілімді, елім мен жерімді сүйетін патриотпын. Бірақ әр адам өз ана тілінен өзге тілдерді де меңгеру керек деп ойлаймын. Қазір мемлекет есебінен тілді тегін оқытатын орталық бар.

Сондай-ақ қалада біздің бастамамызбен үш стритбол алаңы салынды. Неге стритбол? Ойткені ол көше баскетболы, қалалық спорт. Жалпы өз басым баскетбол федерациясының өкілі болсам да, қала, облыс көлемінде осы спорттың дамуына өз үлесімді қостым деп айта аламын.

Қаладағы «Теміржолшылар паркі» қайта жаңғыртуға ұсыныс жасағанмын. Бүгінде ол парк бүлдіршіндерден бастап, үлкендерді де демалыс алаңына айналды. – Депутат ретінде сізге жүктелген аймақ – қала орталығы. Қазіргі таңда сіздің ықпалыңызбен орталықта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Ең басты проблеманың бірі – үйлерге, нысандарға жасалып жатқан модернизация. Жалпы мердігер компаниялардың жұмыс істеуі көңіл көншітеді. Олардың жұмысына тұрғындардан түсетін арыз көп. Сосын Қорқыт ата мен Әйтеке би көшелеріндегі көпқабатты үйлердегі жалдамалы пәтерлердің мәселесі. Ол жерде қазір 100-ден астам пәтер күндік, сағаттық жалға беріледі. Соның әсерінен зорлық-зомбылық, нашакорлық пен суицид фактілері көп. Ендігі мақсат – сол жақта полицияның уақытша ұстау изоляторын салу, бейнекамера орнату.

Батырхан Шүкенов атындағы саябаққа бейнекамера орнату мәселесі бар.

Аяқ су мәселесі де шешілуі керек. Айта берсе, мәселе көп. Бірақ қала орталығының өзге аумаққа қарағанда жағдайы жақсы. Осы орайда менің негізгі миссиям – ішкі саясатпен бірігіп халықтың санасын өзгертуге жұмыс істеу.

– Сайлауалды бағдарламаңызда ішкі туризмді дамытуға назар

аударысыз. Бұл мәселе шешімін таппаған мәселелердің бірі. Әлде Ерлан Мұсаев жұдызды жанадық болатын жоба дайындау үстінде ме?

– Ішкі туризмді дамыту үшін біз ең алдымен қарапайым дүниелерді жасауымыз керек. Мысалы, біздің қалада экскурсия жоқ, бар болса да жарнамасы аз. Біз 2020 жылы «Рухани жаңғыру» орталығымен қала ішкі экскурсия ұйымдастырғанбыз. Тұрғындардың сұранысын байқадық.

Біз де қазір арнайы бағдарламамыз дайын. Енді қаражат жетіспеушілігі бар. Сонымен қатар қазір жетіспеушілігі де байқалады. Қазір екі-үш тілді еркін меңгерген гид табу қиын. Қорқыт ата университетінде «туризм» факультеті енді ғана ашылған жатыр. Міне, осы оқылықтардың барлығын шешіп, ең алдымен қаладағы туризмді дамыту керек. Айына бір рет экскурсия ұйымдастырылса бұл қоғам дамуына өз үлесін қосар еді.

– Сайлауалды үгіт-насихат жұмысы кезінде «Өз депутаттық қызметімді ойдағыдай атқарамын», «Мандаттыңды нақты қандай кезде қайтаруға дайынсыз?»

– Қазіргі таңда көп мәселені көтеріп жатырмыз ғой. Негізі мен өз басым сессияда үндемей отыра алмаймын. Алды ала мәселелерді қарап, зерттеймін. Сосын жанында сөз сөйлеушінің кемшіліктерін айтамын. Жалпы біздің Қызылордада неге проблемалар шешілмей жатпайды? Ойткені біз жуас халықпыз, кемшіліктерді көп айта бермейміз. Сондықтан мен керек кезінде сынды да айтамын, нақты атқарған жұмысы болса мақтап, қолын да аламын.

Егер осы қызмет барысында маған артылған халықтың үмітін ақтамай алсам, мәселе шешімін таппай жатса мандатты қайтаруға дайынмын. Ойткені мен бұл жерде атак-мансап қуалау үшін емес, өз калама, сол қаланың тұрғындарына көмектесу үшін келдім.

Бірақ мен депутаттыққа келгенде бір әріптесім «Қайта-қайта мандатты қайтарамын деп айтудың қажеті жоқ. Ойткені мандаттыңды қайтарғаның – халықтың сенімін ақтамағаның» деді. Міне, осы сөзден кейін мен мандатты қайтаратын күнге жеткізбей, халық үшін білек сыбана еңбектенуге тырысып жүрмін.

– Қашан көрсек те тынымсыз тірлік жасап жүресіз. Осыныша күш пен шабытты қайдан аласыз?

– Бұл маған қанмен берілген қасиет секілді. Мен бос жатса өмірім тектен-текке өтіп жатқандай сезінем. Атак-абырой емес, болашақта балаларым менімен мақтансын, үлгі алып халық пен елдің қамы үшін қызмет етсе маған сол үлкен абырой. Ал күшті маған Кемел мен Бекен деген екі ұлым береді. Үлкен баламның атын мемлекет басшысының атына ұқсастырып, ал екінші ұлымын есімін өзімнің 30 жылдай ел басқарып, халыққа қызмет еткен атамның құрметіне қойдым. Сол екеуін құшақтап, иіскеп, болашақта ізімді жалғар атқамінерлерім барына қуанағанда барлық күйзеліс пен қиындықты ұмытып кетемін.

«Отызында орда бұзаған, қырқында қамал алмайды» деген сөз бар. Сол үшін әзірге жас кезімде, күшім бар кезде еңбек етіп қалуым керек. Себебі жас келе адамда пайдалы әсер коэффициенті азайып, кейбір жерде күшім жетпей қалуы мүмкін. Сондай-ақ жасым келгенде мен жастарға орымды беремін. Сондықтан дәл бүгін еңбектеніп қалуым керек деген ой менде.

– Бүкпесіз әңгіменізге рақмет!

Тірісінде өнегелі ғұмыр кешіп, қоғам мен отбасыға бірдей қадірлі болған жанның дүниесі не арманы бар десеңші?! Әсіресе, білім беру ісіндегі қолтаңбасы кейінгіге үлгі болса, ел алдындағы абыройын еселегені. Терең білім, бекзат мінездің иесі Убайдулла Қамитбеков туралы да замандастары осындай пікірде. Ұзақ жыл шаһардағы кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерін басқарған білікті маманның есімі Қызылорда қаласына ғана емес, аймаққа жақсы таныс.

Убайдулла Қамитбеков 1946 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданы «Октябрь» ауылында дүниеге келген. Сырдария ауданындағы №44 орта мектепті бітірген соң Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының физика-математика бөлімінде білім алған. 1968 жылы алғашқы педагогикалық еңбек жолын өзі білім алған №44 орта мектепте бастап, саланың қыр-сырына қанығады. 1970 жылы Убайдулла Қамитбековтың жаңа тынысы ашылып, биік белесті бағындыруға қадам жасайды. Сол жылы Қызылорда қаласындағы №7 кәсіптік мектептің комсомол ұйымының хатшысы (ПНТУ – 152) қызметіне тағайындалады. 1971-1978 жылдар аралығында осы білім ұясында мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1978-1982 жылдары қалалық партия комитетінің нұсқаушысы және 1982 жылдан бастап №7, 2001 жылдан №9 кәсіптік мектептерінің директоры болып қызмет атқарған.

# БІЛІМ ШАМШЫРАҒЫ

Жүктелген міндет пен жауапкершілікті терең сезінген Убайдулла Қамитбековты басшылық жасаған кезінде әріптестерінің хал-ахуалын, шәкірттердің үлгерімін ерекше ықпалмен бақылап, құрметке бөленген. Тіпті тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өз басшылық жасайтын білім беру нысанын кәсіби біліктілігімен түрлі қиындықтан алып шығып, қызметкерлердің жұмысыз қалмауын қалағалапты. Қызметтегі осы мәндес бір ерлігін ардагер ұстаз, өзімен 23 жыл бірге кәсіптік-техникалық білім беру саласының өзі-өзі ұмытып, бірге боліскен Жалғас Ерімбетов былайша суреттейді:

– Ағайын-бауыр арасында жүзі жарқын, қызметтестер арасында мәртебесі биік, дос-жолдастары арасында мерейі үстем «сегіз қырлы, бір сырлы» ағамыздың екі «осал» жері болды: біріншісі – қызмет бабы, екіншісі – балалар тәрбиесі. Жұмыс десе өзін-өзі ұмытып, жанын сала кірісін кетеді. Сауатты, іскер, жауапкершілігі терең. Училищенің қым-қуыт таусылмайтын, бүгін біреуін бітірсен, ертең біреуі басын қылтатып шығарып тұратын қарбалас істердің қартасында білегін сыбаып, өндірістің оқу шеберлерінің арасында жүреді. Ұйымдастыру, көпшіліктің тілін тауып, соңына ерте білу қабілеті күшті еді. Тіпті кәсіптік-техникалық мектептің небір «Сен тұр, мен атайын оқушылары» Үбекеңмен бір сөйлескеннен кейін-ақ соңынан ерліп жүре беретін.

Сонымен қатар Үбекең қарамағындағы қызметкерлерінің жағдайын жасауды ең алдығы орына қоюшы еді. Есімде, 1997 жылғы оңтайландыру саясаты кезінде облыстық білім басқармасының басшысы марқұм Әлі Мүсілімов Үбекеңді шақырып алып: «Өзің білесің, мына оңтайландыру оңай тиіп отырған жоқ. Сіз басқарып отырған №7 КТУ-ді де айналып өтпейтін секілді. Бір апта уақыт ішінде №10 мектептің бос тұрған ғимаратына жондеу жұмысын жүргізіп, сонда көшіп алуын керек. Өйтпесе, мекеме қысқартуға кетеді», – деп тапсырма береді. Кәсіптік мектеп қысқартуға кетсе, қарамағындағы қанша қызметкердің күнкөрісіз қалатынын ойлаған Үбекең қызметкерлерін жинап



алып, жағдайды ашық айтады да іске кіріседі. Мекемені көшіруге қажетті техника, жондеу жұмысына қажетті материалдарды таныстарын жағалап, жарғақ құрғағы жастыққа тиместен қамдастырды. Сонымен бас-аяғы төрт-бес күнінің ішінде училищені толық көшіріп болды. Қазір айтуға оңай шығар, бірақ техника мүлдем жетіспейтін, құрылыс материалдары тіпті қат кезеңде, құрал-жабдығы қазіргі КТУ-ге толығымен жететін мектепті сонша қысқа мерзімде басқа ғимаратқа толық көшіру кемінде бір айдың көлемінде орындалатын шаруа еді. Мұны көрген Әлекен (марқұм Әлі Мүсілімов) Ойпырмай, саған бір күдірет күш көмектескен шығар, әйтпесе бұл – адамның қолынан келетін тірлік емес қой! – деген екен.

Өзгенің қамын өз мүддесіне жоғары қоятын ол кісі қарамағындағы қызметкерлерінің жүктемесі 1,5 ставкадан төмен болмауына жағдай жасайтын. Басқа мекемелердің қызметкерлері 1,0 ставкаға қолы жетпей жүрген сол бір қысқалық уақытта бұл да таңғаларлық ісі еді. «Бүгінгі ісіңнің кейінгіге шапағаты тиетін болсын» деген ұстаныммен жүретін Үбекең қазіргі Сұлтан Бейбарыс көшесіне саялы ағаштар егуге көп еңбек сіңірді. Қазіргі кезде сол ағаштар жайқала өсіп тұр. Сол жерден өткен сайын Үбекең есімізге түсіп, марқұмның алысты болжайтын даналығына тәңгі боламыз. Иә, ағамыз сол уақытта-ақ бұл жерде үлкен ғимараттар орналасып, сол ағаштардың талай жаңа сая болатынын болжай білген екен-ау.

Міне, шаһардағы білім беру ісін ақсатпау үшін еңбек еткен жанның еселі еңбегінің салмағын осы оқиғадан-ақ байқауға болатын секілді. Мемлекет те білімнің шамшырағына айналған Убайдулла Қамитбековтің атқарған қажырлы еңбегін елеусіз қалдырмай, түрлі деңгейдегі марапат табыстады. Оның ішінде Ғ.Алтынсарин атындағы төсбелгі, ҚР «Кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі» және ҚР «Білім беру ісінің үздігі» атағы мен Елбасының Алғыс хаты да бар. Білікті маман 2010 жылы білім беру саласы бойынша зейнетке шықты.

– Убайдулла өз ғұмырында жүрегінің әмірімен жұмыс істеді, ұлы Абай ата-

мыздың «Тіл жүректің айтқанына көнсе жалған шықпайды» философиясын ұстанды. Үбекеңнің «Тәңірден кейін жүрекке, табыну керек сияқты. Әміршісі әлемнің, жұдырықтай жүрекке бағыну керек сияқты. Жақсылық күтпе жамағат, күн түспеген жүректен. Орынсыз күлкі өтпен тең» деген сөзін бірге жолға шыққанда қойып дөңгелектері түртіп алғанмын, – дейді әріптесі, ардагер-ұстаз, білім беру саласының үздігі Оразбай Қосанов.

– Әкеміз үлесінде тұратын бір сөзді, өтірікке жаны қас, ақыл-ойы айқын, өмірден өткенше рухы биік те жігерлі бола білді. Тіршілігіндегі ұстанымы шүкіршілік, алдағы күннен үміт күтіп, көгеріп-көктеті. Өзіне қатысы жоқ болса да қиналғандармен қиналып, қуанғандармен бірге қуанып отыратын. Ылғи да бабаларымыздан қалған ұлағатты сөздерді ретті тұстарда әдемі қиыстырып сөйлеп, бізді ұйытып тастайтын. Басқа ағамыздың тілі ұзын болады», «Сыйлы болғын келсе, сыйлай біл», «Қызы үмітті үзген күні анасы да үзіледі», «Кінашыл болма, кешірімшіл бол» деп, бізге ой тастап отыратын. Қатты ренжіген кездерінде ашу шақырмай, қап-қаға болып, түнеріп үңсіз қалатын. Үлкен абыроймен, шаршамай-шалдықыпай, білім саласының азаматтарына берілетін барлық марапатқа ие болып, зейнетке шықты. Бұл да бақытты бір парасы деп ойлаймын. Абыройлы әкенің ұрпағы болғаны оған да биік, көңілге медеу, ісіңе қуат, жанына жігер құйып, ел-жұрттың бетіне тұра қарай алады секенсің. Осы бақытты бағалай білу – бізге міндет, – дейді қызы Қарлығаш.

Иә, өзінің мәнді ғұмырын ұрпақ тәрбиелеуге арнаған ұстаз Убайдулла Қамитбеков жері Мәрия екеуі өнегелі ұл-қыз өсірді. Әкенің ұлағаты тәрбиесін алған олар әр салада абыройлы қызмет етіп жүр.

Өңірдің өркендеуіне, білім беру саласының жандануына айнамай еңбек еткен зерек тұлға өткен жылы өмірден өтті. Білімге құштар жаның Қызылорда қаласындағы кәсіби мамандардың шыңдауына, экономикалық-әлеуметтік ахуалдың дамуына қосқан үлесі мәңгі есте жаңғырары сөзсіз.

Б.ШАҒЫРОВ

# СЫР БОЙЫНА СЕРПІН БЕРГЕН КӘСІПКЕРЛІК

бұл бағытта Қызылорда қаласындағы «Іскер әйел – кәсіпкерлер» облыстық форумы, Қармақшы ауданының III Интернационал ауылдық округінде «Ауылдық елді мекендердің жас кәсіпкерлер форумы», «Жас кәсіпкерлер форумы», «Өзіне сене баста!» көрме-байқауын атауға болады.

## КӘСІПТІК ОҚЫТУ – КҮТКЕН НӘТИЖЕ

Кәсіпкерлік негізінде оқулар ұйымдастыру саланың дамуына ғана емес, елдегі әлеуметтік-қоғамдық өзгеріске жол ашатын бастама қатарында. Бұл қолдау шарасы кәсіпкерлікті ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету, кәсіпкерлердің біліктілігін және кәсіпкерлер қызметінің өнімділігін арттыру, сонымен қатар іскерлік байланысты орнату бағытында жүреді. Оны іске асыру кәсіпкерлікпен айналысуға ниеті бар өңір тұрғындарының арасында үлкен сұранысқа ие. Оқуға ниет білдірген тұрғындар санының өсімі жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2018 жылдың қорытындысымен мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде 3 мыңға жуық жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар кәсіпкерлік негіздеріне оқытылған болса, қалған азаматтар саны екі есеге ұлғайып, 6 мыңнан асты. Бұл – әрине, тек мемлекеттік бағдарламалар аясындағы қолдау шаралары.

Сондай-ақ облыстық әкімшілік кедергілерді азайту бағытындағы жұмыстар да жағасын тауып, әртүрлі тақырыптағы іс-шаралар, яғни, форумдар, семинарлар, көрме-байқаулар, тренингтер де өткізілуде.

2018 жылы жаппай кәсіпкерлікті дамыту жылдары аясында кәсіпкерлік саласындағы барлық мекемелер бір бизнес орталыққа біріктірілген «Кәсіпкерлер үйі» ашылды. Онда әкімшілік кедергілерді барынша қысқарту, бизнеске қолайлы жағдайлар жасау бағытында жұмыс жасап, өңір тұрғындарымен қатар, кәсіпкерлеріне «бір терезе» қағидаты негізінде кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы сапалы қызметтер ұсынып келеді. Мәселен, орталық өткен жылы кәсіпкерлерге жер мәселесі, сәулет және құрылыс, инженерлік желілерге қосылу, мемлекеттік кірістер, қаржыландыру институттарының шарттары, инженерлік коммуникацияларға қосылу, банкке дейінгі және одан кейінгі жобаларды сүйемселдеу бойынша 10 мыңнан аса қызмет көрсеткен. Қазір орталықтың қызметін кеңейту бағытында «Бизнеске арналған үкімет» бірыңғай сервис орталығын ашу жұмыстары атқарылуда.

Жалпы, кәсіпкерлік саласындағы іс-шаралардың басым бөлігі осы «Кәсіпкерлер үйінің» қолдауымен ұйымдастырылады. Мысалы,

Басы 1-бетте

Ерсын ШАМШАДИН

Өңгімелескен Аслан НҰРАҒАЛДИ





Өнірде білім беру саласында топ жарып, саналы әрі білімді ұрпақ тәрбиелеуде өзіндік тарихы қалыптасқан білім ошағы жетерлік. Ол мектептен жыл сайын үздік түлектер түлеп ұшып, үлкен өмірге аттанып жатады. Бұл орайда шәкірттің ілім мен білімді сапалы меңгеруі үшін тынбай еңбектеніп жүрген ұстаздар қауымының еңбегі таудай. Міне, осындай шәкірт пен ұстаздардың тоғысқан жері – №10 дарынды қыз балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты.



# САПАЛЫ БІЛІМ – САНАЛЫ ҰРПАҚ

## ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҮЗДІК ҰЙЫМ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Елбасы Н.Назарбаев пен Түркия Президенті Түргыт Өзалдың келісімімен елімізде халықаралық деңгейдегі қазақ-түрік лицейлері ашыла бастады. Бұл мектеп те сол білім ордаларының қатарында. Білім ордасы Қызылорда қаласының әкімшілігі мен Түркия елінің «Шелале» фирмасының арасындағы келісім-хаттамаға сәйкес өз жұмысын 1994 жылдың 12 шілдесінде бастаған. Алғашында мектепке 50 оқушы қабылданып, «Шұғыла» мөлтек ауданындағы №43 балабақша ғимараты берілген екен. 1995 жылы лицей-интернат қала орталығындағы «Раушан» балабақшасының ғимаратына көшіріледі. Ал 2004 жылы «Дарын» РҒПО-ның желісіне еніп, атауы «Дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей интернаты» болып өзгерді.

2012 жылы лицей-интернатқа жаңа оқу ғимараты беріліп, білім ордасы заманауи технологиямен толықты. Ал 2017 жылдан бастап №10 дарынды қыз балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты болып өзгерді. Қазіргі кезде мұнда оқушыларға ҚР Білім және ғылым министрлігінің бекіткен оқу бағдарламалары бойынша төрт тілде білім беріледі. Көп тілде білім берумен ерекшеленетін мектепте математика, химия, биология, физика мен информатика пәндері ағылшын тілінде оқытылады.

Лицей-интернат аймақтың білім саласын дамытуға қосқан үлесі, оқу-тәрбиедегі жетістіктері үшін «Орта білім беретін үздік ұйым» атауын алған өңірдегі ең бірінші білім ошағы.

## ДАРЫНДЫ ШӘКІРТ – ҰСТАЗ ЖЕТІСТІГІ

Лицей оқушыларының білім саласындағы жетістіктерінің артында мұғалімдердің тынымсыз тірлігі мен өлшеусіз еңбегі жатқаны анық. Бүгінгі таңда Абайбек Сәрсенбеков басқаратын мектепте 42 мұғалім қызмет атқарады. Барлығында да бір-ақ мақсат – білімді әрі тәрбиелі шәкірт тәрбиелеу.

Мектептің іргесі қаланғаннан бері мұнда 12 басшы қызмет атқарыпты. Олардың қатарында Туран Генери, Ариф Узутку, Осман Бозташ, Әлімжан Игенбаев, Нұркен Жаңбырбайұлы, Асылхан Пернебекұлы, Дархан Ермаханұлы, Мәлік Төлебайұлы, Бакытжан Шайманұлы, Әсет Серікұлы мен Гүлнұр Ережепқызы бар. Бүгінгі таңда басшы қызметін атқарып отырған Абайбек Жанарбекұлы да «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері».

Лицейде 21 жылдан бері қызмет атқарып келемін. Осы кезге дейін 11 басшымен бірге қызмет атқардым. Олардың барлығы тың идеялары арқылы лицейге жаңашыл бастамалар алып келді. Лицейдің дамуына зор үлес қосқан Х.Әлиакбарова, Г.Кәрімбаева, Б.Қырғызбаева секілді ардагер ұстаздарымыз да бар, – дейді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ләззат Есенқызы.

Ләззат Микееванын өзі де «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Үздік оқу ісі жөніндегі орынбасар», «Үздік педагог» байқауларының облыстық жеңімпазы. Жұмыс барысындағы жинаған тәжірибесімен бөлісе мақсатында бірнеше семинар өткізген білікті маман.

«Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Н.Есбосын – «Педагогикалық идеялар фестивалінің» республикалық кезеңінде, «Үздік педагог» байқауының облыстық жеңімпазы атанған. «Қыздармен сырласу сабағы» атты кітабы облыс көлемінде таратылып, Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамыту орталығының қолдауымен тағы екі кітабы жарық көрген.

«ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері, география пәнінің мұғалімі Г.Өтегенова – «Үздік сандық білім беру ресурсы», «Үздік педагог» байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы, «Өлкетану» оқулығының авторларының бірі.

Мектеп ұстаздарының қанжығасында «Үздік бейінді орынбасар», «Үздік сандық білім беру ресурсы», «Үздік педагог», «Үздік



орыс тілі пәнінің мұғалімі), «Үздік сынып жетекші» секілді марапаттар бар.

Қазіргі таңда лицей-интернаттағы педагогтардың 70 проценті отызға дейінгі жас мамандар. Олар 4 тілде білім алып, арнайы курстан өткен. Он мұғалім магистр дәрежесін иеленген. Сонымен қатар Кембридж бен Оксфорд университетін тәмамдаған оқытушылар да бар.

## ҮЗДІК ТҮЛЕКТЕРДІҢ МЕКТЕБІ

№10 лицей-интернаттан бүгінде сан салада өзін жоғары деңгейде көрсетіп жүрген түлектер түлеп ұшқан. Бұл мектепті тәмамдаған шәкірттер жыл сайын 100 процент жоғары оқу орнына түсіп, мамандық иегері атанады.

Мектептің ең алғашқы түлектері 1998 жылы бітірсе, қазірге дейін дәл осы мектепте білім алған түлек саны – 873. Оның ішінде 116 оқушы «Алтын белгі» иегері атанса, 205 оқушы «Үздік аттестатпен» тәмамдаған. Биылғы оқу жылында да 12 оқушы «Алтын белгіге» және 13 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер болып отыр.

Қазіргі таңда №10 қыз балалар лицей-интернатын тәмамдаған шәкірттердің 15-20 пайызы педагогика саласында қызмет етуде. Одан бөлек дәрігер, қаржы саласының маманы, мұнайшы атанғандары да бар. Мәселен, лицей түлегі, «Болашақ» бағдарламасы арқылы Лондон университетін бітірген А.Болатбаев бүгінде Назарбаев университетінде оқытушы. Ал Ш.Сақтағанова Нью-Йорк университетін бітіріп, қазір «Медтроник В.В» компаниясында техникалық кеңесші қызметін атқарса, өзге де шәкірттер «Теңіз Шевроил», «Қазатомпром», «Facebook» секілді алауыт компанияларда жұмыс істейді.

Мектеп қабырғасында жүріп ағылшын тілін меңгергендіктен түлектер шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие. Осы кезге дейін мектептің 50 түлегі шетелде, 43 түлек Назарбаев университетінде білім алған.

## ҒЫЛЫМДА ОЗЫҚ ШӘКІРТТЕР

Қиын да қызықты саналатын ғылым саласында бұл мектеп оқушылары белсенді. №10 лицей-интернаттың оқушылары 2008 жылдан бастап әлемдік деңгейдегі түрлі ғылыми жобаға қатысып келеді. Олар АҚШ, Бразилия, Түркия, Греция, Ресей мемлекеттерінде өткен білім додаларында 16 алтын, 13 күміс пен 30 қола медаль иеленген.

2019 жылы «INFOMATRIX» халықаралық компьютерлік жобалар байқауында 10 сынып оқушылары Тоғжан Сансызбаева мен Сара Шигамабаева «Алтын медаль», өткен жылы Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсынан 11 сынып оқушылары Жанерке Боранбай, Ғайникамал Сансызбай «Күміс медаль», «Жас ғалым-2020» халықаралық ғылыми жобасында 11 сынып оқушысы Сара Шигамабаева «Қола медаль» иегері атанды.

Биылғы оқу жылында да лицейдің 18 оқушысы облыстық олимпиадалардың жүлдегері атанды. Пәндік олимпиаданың республикалық кезеңіне 7 оқушы қатысып, 4-уі жүлделі орынды қанжығасына байлады. Осы мектептің шәкірті Еңлік Күнтөреова облыс қоржынындағы «Алтын медальдің» иегері.

## САНАЛЫ ҚЫЗДАР ОРДАСЫ

«Бір ер бала тәрбиелеу – бір ер азамат тәрбиелеу, ал бір қыз баланы тәрбиелеу – бір отбасын тәрбиелеумен тең» деген халық даналығын ұстанған лицей ұстаздары қыз балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде алдына жан салмайды. Осы мақсатта оларға білім беруден бөлек, түрлі жақсы қасиетке баулу мақсатында мектеп қабырғасында бірнеше үйірме жұмыс істейді.

Оның ішінде болашақта отбасы ұйытқысы болатын жас арулардың бойында ибалық пен ізеттілік қасиеттен бөлек іскерлік пен шеберлікті қалыптастыру мақсатында «Қол-өнер», «Тігін» үйірмелері ұйымдастырылған. Сондай-ақ өнерге қабілеті бар қыздар би, домбыра мен сурет үйірмелерінде уақытын қызықты өткізе алады. Мектепте түрлі тәтті тағам пісіруді үйрететін «Аспазшылар» үйірмесі де бар. Ал олардың өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін түрлі спорттық үйірмелер жұмыс жасайды.

Шет тілдерін меңгерген, жаһандық технологияны игерген озық ойлы шәкірт тәрбиелеу мақсатында лицейде «Жас тілші», «Полиглот», «Жас тарихшы», «Робототехника» секілді арнайы үйірмелер ашылған.

Өнер мен білімді қатар игеріп жүрген қыздар тәжірибе жинақтау әрі уақытын қызықты өткізу үшін үйірме жұмыстарында түрлі шығармашылық басқосулар ұйымдастырады. Мысалы, «Жас тілшілер» жыл сайын облыстық телеарнаға барып, жұмыс барысымен танысады және өздерін қызықтырған сұрақтарына жауабын алады. Бүгінгі таңда осы лицей-интернаттың бір түлегі «Quzylogda» телеарнасында журналист қызметін атқарып та жүр.

Сонымен қатар мектепте жыл сайын үйірме жұмыстарының көрмесі, есеп беру мақсатында есептік концерт ата-аналар назарына ұсынылып отырады.

## АТА-АНА МЕН ҰСТАЗ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПР

Мектеп «Ата-ана – оқушы – мұғалім» үштік одағының ынтымақтастығын берік ұстанған. Өз кезегінде бұл дарынды шәкірт тәрбиелеуге ерекше үлесін қосуда.

Лицейде «Сырласу» отауы, «Әкелер кеңесі», «Асыл әжем» клубы, «Аналар академиясы» жұмыс істейді. 2019 жылы республикалық оқу-әдістемелік кеңесте «Әкелер кеңесінің», «Сырласу» отауы мен «Асыл әжем» клубының жұмысы көрсетіліп, игі бастамаларын өзге білім ордаларымен бөліскен. Биыл мектепте «Аналар академиясы» да құрылды.

«Сырласу» отауына қыз баланың тәрбиесіне тікелей ықпал ететін әже, ана мен апа секілді отбасы мүшелері қабылданып, олар өз тәжірибелерімен бөліседі. 2016 жылы ашылған «Әкелер кеңесінің» басты мақсаты – бала тәрбиесінде педагогикалық ұжымға қолдау көрсету. Одан бөлек кеңес мүшелері отбасылық спартакиадаларда бақ сынайды, лицей ауласын көгалдандыруға өз үлесін қосады. Тіпті 8 наурызда әкелер қыздарына арнап концерттік кештер ұйымдастырады.

– Қыз балаларға арналған білім ордасында «Әкелер кеңесінің» жұмыс істеуі көпшілікті таң қалдырады. Себебі әке ер баланың тәрбиесіне ғана жауапты деп ойлайтындар да бар. Ол қате түсінік. Қыз бала – болашақ жар, болашақ ана, болашақ ұрпақ тәрбиешісі. Олар жастайынан әкелерінің қамқорлығын, мейірімін көріп өссе, олардың санасында «әке отбасы – тірегі, қамқоршысы» деген ұғым қалыптасады. Болашақта өз жарларына да сондай құрметпен қарайтын болады. Ал ер адамға құрметпен қарайтын отбасында береке мен бірлік, жарасымдылық болады. «Әкелер кеңесінің» мақсаты да осы, – дейді мектеп директоры Абайбек Жанарбекұлы.

Аслан НУРАЗҒАЛИ  
(Суреттер мектептің жеке мұрағатынан)





Бала – жарқын болашағымыздың кепілі. Оның тәрбиелі болып өсуі кез келген ата-ана үшін зор мақтанш. Бала бойында тәрбие мен білімнің қатар ұштасуы оны үлкен жетістіктерге жетелейді. Ер бала елінің айбары болса, қыз бала абыройы. Халқымыз қашанда қыз баланың тәрбиесіне аса қырағылықпен қараған. Байырғы үлкендеріміз қыз баланың бұрымына шашбау тағып, сол арқылы биязы мінезін қалыптастырып отырған. Бұл үрдіс бүгінгі күні де дәріпті жолын жалғастырып келеді. Өйткені халқымыз үшін қыз бала қай кезде де қадірлі болып, өзі өсіп-өнген әулетінің беделіне баланған.

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ АРНАЛҒАН ЖИЫН



Жуырда Абылай хан атындағы №140 казак орта мектебінде «Тәрбиелі зияткер ұрпақ – болашақ кепілі» тақырыбында облыстық әлеуметтік-ғылыми ашық алаң болып өтті. Оған онлайн режимде 300-дей қыз бала қатысты.

– Бүгінгі жинада біздің басты бағытымыз қыз балаларды халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қадірлейтін ұлтжанды, отансүйіштік сезімдерге тәрбиелеу болып табылады. Отбасы – Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушылардың бақыты отбасыға деген қызығушылығын арттыру. Қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеті мен бейімділігін ескере отырып, мамандық таңдауға көмектесу. Осындай өнегені бойына сіңіріп өскен жеткіншек келешекте жан-жақты рухани бай болып, елінің тағдыры үшін жауапкершілікті сезіне алатын болып өседі. Мәңгілік ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын азамат болады деп сене аламыз. Оқушының білімімен қатар жан-жақты дамуына қолдау білдіру мақсатында мектебімізде 6 кіші мектеп, 18 жоба жұмыс жасауда. Ол бүгінгі шарада оқушылар көрсетілетін болады, – деді мектеп директоры Айгүл Ножмадинқызы.

Облыстық шара «Отбасы кіші мектеп», «Жасыл ғаламшар» және «Әлеуметтік-ғылыми кіші мектеп» жобалары бойынша үш бөлімнен тұрды. Шараға облыстық Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің төрайымы Рахима Ахметова, «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Меруерт Аңсаева, облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова, Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектеп директоры Жанат

Сәдуақасова және тағы басқалар қатысып, тақырып төңірегінде тұщымды ойларымен бөлісті.

Тағы бір атап өтерілі мектепте венурулық жүйені дамыта отырып, «Метеорология» тәжірибелік-зерттеу алаңының ашылуы. Сонымен қатар «Жасыл Қазақстан» ұлттық жоспарын жүзеге асыру, экологиялық білім беру бағдарламасын игеру негізінде және экологиялық тәрбие беру мақсатында білім ордасында «Жасыл ғаламшар» кіші мектебі құрылған. «Жасыл ғаламшар» кіші мектебінің аясында «Green study» жылжымайтын ғылым-зерттеу оқу орталығының және «Метеорология» тәжірибелік-зерттеу алаңының ашылуы оқушылар үшін үлкен еңбектің бастауындай болып отыр. Сондай-ақ «Global eco» жобасы да оқушылар мен ұстаздардың бірлескен жүйелі жұмыстарының нәтижесі.

Жылжымайтын кешенінің ашылуына облыстық білім басқармасының басшысы Азиза Қасымова арнайы қатысып, жасыл экономиканы дамытудағы мектеп ұжымының еңбегіне алғысын білдірді.

– Бұрын қандай бір іс шара ұйымдастырылса да ол бір бағытта немесе бір тақырып төңірегінде өрбитін еді. Ал бүгінгі біз қатысқан жынның жөні мен жолы өзгеше екенін көріп көңіліміз толды. Мұның астарында қаншама ұстаздың жылдық тәжірибелері мен еңбектері жатқанын атап өту керек. Соңғы қоңырау соғылар сәтте серпінді істің куәсі болдық. Бұл біріншіден, балалар үшін үлкен естелік. Екіншіден, мың жылдық рухани азық боларлық дәріпті дүниелердің дінгеі, – деді «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Меруерт Аңсаева өз сөзінде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

## ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

Бұл оқиға Азаматтың оқушы кезінде болған еді. Бастауыш сыныпты тәмамдап, бесіншіге аяқ басқан Азамат ағылшын тілі пәнінде күтпеген жағдайға тап болды.

Жаңа оқу жылының басталғанына да көп уақыт болған жоқ. Екі аптаның көлемінде оқушылар жаңа пәндерден дәріс беретін мұғалімдермен танысып, тіпті алғашқы тапсырмаларын орындап, белсенділері бестік бағаларын да алып үлгерді. Бастауыш мектепте негізгі пәннің барлығынан бір ғана мұғалім сабақ беретін. Тек дене шынықтыру, еңбек пен ән-күйде ғана басқа мұғалімдер болатын еді. Енді, міне, әр пәннің өз мұғалімі бар. Бір жағынан бұл балаларға қызық боп көрінді. Өздерінің мұны жетістікке балап қояды. Бала көңілі сәл нәрсеге көтеріліп қалатыны тағы бар. Әрқайсысы жаңадан сабақ беретін ағайылары мен апайларына еліктеп жүр. Бірінің киім киісі, енді бірінің жүрісі ұнаса, кейбір ұстаздардың сабақ түсіндіру әдісі баурап барады. Арасында бастауышта білім берген, әліппені оқытып әріп танытқан, санауды үйретіп есеп шығартқан алғашқы ұстаздары Рәзия Үсенқызына да барып тұрады. Ол кісі болса кеше ғана алдынан түлеп ұшқан, барлығы өзінің балаларындай болып кеткен оқушыларын қуана қарсы алып, қимастықпен шығарып салады. Әсіресе төрт жыл бойы сынып старостасы болған Азаматтың орны бір бөлек. Осындай жүздеулердің бірінде жоғары сыныпқа қадам басқан оқушыларын бірінші сыныпқа енді қабылданып, мектеп табалдырығын аттаған шәкірттерімен таныстырды.

– Сәлеметсіз бе, Рәзия апай, – деген балақайларды ішке кіргізіп:

– Келіңдер, айналайындар. Өздерің қалай өсіп кеткенсіңдер. Мен сендерді мектепке жаңадан келген бірінші сыныптың оқушыларымен таныстырайын, – деді мұғалім. Балалар ішке бірінен соң бірі кіріп жатыр. Шамасы бұл жолы барлығы келген-ау.

– Ал, балалар, көрдіңдер ме бұлар да сендер сияқты кеше ғана мектептің табалдырығын аттаған еді. Уақыт деген қандай жылдам десенші. Бастауыштағы төрт жыл көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Жандарым сол. Енді сендердің орындарыңды мына балақайлар басады.

– Апай өздері неткен кішкентай, – деді Ләззат сүйсініп.

– Бәрінен бұрын сүйкімділіктерін айтсайшы, – деді оның сөзін ары қарай жалғаған Әйгерім.

Бұларды сырттай бақылап тұрған Рәзия Үсенқызы:

– Әй, қарақтарым-ай, сендер де осындай болғаныңдар. Тіпті мектепке келгенде «үйге қайтамын» деп жылағандарың да болды. Көз алдымда өстіңдер ғой.

Енді сендер үлкен азаматсыңдар. Жоғары сыныпта өздеріңнің білімді екендеріңді көрсетіңдер. Бастауышта алған білімдерің өмір бойы қажет болады, – деді.

– Жарайды апай.

– Біз сізді ұятқа қалдырмаймыз.

– Сіз әлі бізбен мақтанатын боласыз, – деп жан-жақтан балалар шулап кетті.

– Барлығы бұрынғысынан ма? Азамат әлі топ басшысы шығар. Мақсат пен Нұрдаулет үндемей тұр

бастады. Алып-ұшып тұрған бала көңілі кімге тоқтау салсын. Іштей қынжылды. Тістеніп өзін-өзі әрең басты. Осы оқиғадан соң Азамат біразға дейін сабақ айтудан қалды. Бастауышты үздікпен бітірген баланың сабағы күннен-күнге нашарлап барады. Мұғалімдер де алаңдаулы. Не істеу керек? Қандай шара қолданса болады. Қайткен күнде де тығырықтан шығатын бір жол болу керек қой. Сынып жетекшісі Азаматтың

бал» байқауына қатыспақшы. Бұл хабарды естіген Азамат әлгі баланы көргенше асықты. Ондағысы өзі сияқты адамды іздеп табу емес, оның жұрт алдында қалай өнер көрсететінін көру еді.

Ақыры, белгіленген күн жетіп, көрші мектептегі «Күзгі бал» байқауына барады. Айтса-айтқандай, әлгі бала да байқауға қатысты. Қасындағы ханшайымы да ерекше сұлу екен. Өзін таныстырғанда, қойылған сұрақтарға жауап бергенде кәдімгідей кекештенген оқушы ән салғанда жұрттың барлығын баурап алды. Тіпті сол байқау жеңімпаздарының қатарынан көрінді. Азамат таңғалды. Іштей «әлгі бала өлең айтқанда кекештенген жоқ қой, сонда қалай болды?» деп көп ойланды. Өзі де өлең айтып көрейін десе, тек сабақ айтқанда ғана кекештенген Азамат қандай шешім қабылдағанын білмеді. Өлең айтып барып, сабақ айтуға тағы болмайды. Бұрынғы кекешке енді жындыны қосып қойса не кетеді. Ары ойланды, бері ойланды ақыры, бұл оқиғадан нәтиже шығаруға тырысты.

Тарих сабағы болатын. Мұғалім «үй тапсырмасын кім айтты?» – деп сұрағанда, Азамат қолын көтерді. Сыныптағы оқушылар:


– Ой кекеш, сен айтатын дегенше сабақ аяқталатын шығар.

– Соны айтатын да, қоймайды екен өзі, – деген сөздерді айтты. Әрқайсысы әр жерден айтып, бұғып қалса да мұндай сөзді кімнің айтатынын Азамат жақсы білетін. Өзін кекетіп, маскара етіп келгендерге жауап беретін уақыттың жеткенін сезді.

– Қазір, тек қазір, тұра тұрыңдар – деді Азамат іштей тынып. Содан не керек, тақтаға шыққанына іштей ыңылап, бір әнді айтып барды. Айтып барды да алғашқы шумағы бітісімен үй тапсырмасын бастап кетті. Бұл жолы кекештенген жоқ. Өзі де, мұғалім де, сыныптастары да аң-таң. Сабақ аяқталысымен өзін кекететіндерге «Мен кекеш емеспін» дегендей сынай тынып қойды. Әр сабақ айтқан сайын, іштей өлең айтып бастауды әдетке айналдырды. Оның бұл әрекеті нәтиже бере бастады. Осылайша, бірте-бірте кекештіктен айналып, Атын бұзып «кекеш Азамат» дейтіндердің аузына біржолата құм құйылды.

Қайран, музыка десенші. Не деген көркемдік. Адамның жанын еріксіз баурап алатын ән мен күйдің әлі біз білмейтін қаншама құпиясы бар. Ән салған адамның кекештенбейтіндігін білген Азамат өзін-өзі емдеп, музыканың құдіретін сезінді. Сол арқылы кемістігі жоқ толыққанды жан ретінде үлкен өмірге қадам басты.

Ә.ЖУМАДИЛДӘУЛЫ



Қиналып жүрген жоқсыңдар ма? Менің балаларымның барлығы жақсы. Қайрат пен Сұлтанбектің қолынан келмейтіні жоқ. Мына Габит пен Жасар мықты спортшы болады. Қыздарым да өз алдарына бір төбе. Екі Әйгерім мен үш Ләззат сабақ оқығанда алдына жан салмайды. Қолынан сызғышы түспейтін Динараның да таудай талабы бар, – деді мұғалім әрбіріннің қасиетін санапалап.

– Апай, қазір Азамат топ басшысы емес.

– Оның орнына Ләззатты қойды.

– Салтанат тазалық секторы болды, – деп балалар да апайларының сұрақтарына асыға жауап берді. Рәзия апай болса бастауышты бітірген шәкірттерін шығарып салып, біріншіге келген оқушыларға сабақ беруді бастап кетті.

Арада бірнеше күн өтті. Ағылшын тілі сабағы болатын. Пән мұғалімі Әлима Тәжмұратқызы еді. Ағылшын тіліне оқушылардың қызығушылығы жаман емес. Күннен-күнге балалардың белсенділігі артып келеді. Әдеттегідей Азамат орындаған үй тапсырмасын айтуға тақтаға шыққан болатын. Кенет өзін-өзі дірілдеп, тілі күрмеліп, ағылшын тілінде мынау қалам «this is a pen» деген сөзді айту үшін бес минуттан астам уақыты кетті. Балалардың барлығы күлкіден ду ете қалды. Өзі ұяттан өлдердей болып, қызарқатп тұрған Азамат не істерін білмеді. Бұрын соңды мұндайы жоқ еді. Бұл қайдан пайда болды. Ойы сан-саққа жүгіріп тұрғанда сыныптастары «Азамат кекеш екен», «Ой, маскара, қалай білмегенбіз», – деп кекете

ата-анасымен сөйлесіп көріп еді. Мәселенің мәнісі мынада болып шықты. Сәби күнінде Азамат мысықтың марғауымен көп ойнайды екен. Бір күні мысықтың баласын құшақтап бара жатқанда үйдегі үлкен төбет арсе ете қалыпты. Иттің аты ит емес пе, қашаннан мысыққа өшігіп жүретін. Үш жасар сәби Азамат қолындағы мысыққа ұмтылған төбеттен зәре-күйі қалмай қорқалды. Ол осыдан кейін бес-алты ай сөйлей алмайды. Әке-шешесінің көрсетпеген дәрігері мен апармаған емшісі қалмапты. Құдай қолдап, күндердің күнінде сөйледі-ау, әйтеуір. Шамасы осы оқиғаның әсері болар. Араға бірнеше жыл салып қайталанғанын көрмейсің бе?! Азамат не де болса, жұрттан ұялмай сабақ айтуға кірісті. Бастар кезде күмілжіп, сөйлей алмай біраз кекештеніп қара терге түседі. Содан не керек, «оталып» алған соң біразға дейін тоқтамайтын. Былайғы уақытта кекештенбейді. Тек жұрттың алдына шыққанда не болмаса тақтада тұрып сабақ айтқан кезде ғана тілі күрмеліп, бір сөзді бірнеше рет қайталайды.

Осылай жүргенде екі жылдай уақыт өтті. Азаматтың атына кекеш сөзі қосақталып «кекеш Азамат» атанды. Бірақ сабағы нашарлаған жоқ. Бір сөзді он рет түгілі жүз рет қайталап да сабақ айтуды тоқтатпады. Бір күні балалардан көрші мектепте өзі сияқты кекеш оқушының бар екенін естиді. Шамасы бұдан екі сынып жоғары оқитын көрінеді. Ол сабақ айтқан кезде ғана емес, тіпті әр сөзді айтқан сайын кекештенеді екен. Сол бала сынып аралық «Күзгі

Ең, ең, ең...

## ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ІРІ ТҮБЕК

Әлемдегі ең ірі түбек – ауданы шамамен 3 млн шаршы шақырым болатын Арабия түбегі. Оңтүстік-батыс Азияда орналасқан түбекті Жерорта, Қызыл және Араб теңізі қоршап тұр. Арабия түбегіне түгелімен Сауд Арабиясы, Йордания, Йемен республикасы, Оман, Бахрейн, Кувейт, Ливан, Палестина, Израиль мемлекеттері және Сирия мен Ирактың бір бөлігі енеді.

Оның жерінің басым көпшілігін таулы үстірт алып жатыр. Ең биік нүктесі Йемен жеріндегі биіктігі 2620 метрді құрайтын ән-Наби Шамб. Түбектің ең ойыс жері – Өлі теңіз ойысы. Ол теңіз деңгейінен 403 метр төменде орналасқан. Түбектің қойнауы мұнайға өте бай. Мұнайдың негізгі қорлары Сауд Арабиясы, Кувейт, Катар, Біріккен Араб Әмірлігінде. Жер қойнауында мұнайдан басқа алтын, түсті металдар, көмір сияқты кен байлықтары бар. Арабия түбегі – әлемдегі күн радиациясының ең көп мөлшерде түсетін жері болғандықтан, жыл бойына онда жоғары температура сақталады.

Түбектің солтүстік бөлігі субтропиктік, ал қалған бөлігі тропиктік белдеуде орналасқан. Жауын-шашынның орташа мөлшері Йемен тауларының беткейлерінде 1000 мм-ге дейін жетсе, қалған аймағында 100 мм-ден төмен. Арабия түбегінде мұсылман халықтары үшін қасиетті Арафат тауы, Мекке, Медине қалалары орналасқан.



А.БІРКЕНОВ

## 20 МЫҢ БЕТТЕРДЕ ТЕГІН ТАРАТЫЛДЫ

Қазақ халқы қайырымдылық жасаудан жалықпаған халық. Бүгінгідей сын кезеңде жанаушылық танытып, көпке көмегін көрсетуге асыққан жандардың бірі – Равиль Гайниев. Ол – «Фарматека» ЖШС-нің атқарушы директоры. Бүгінде білім ордасында 9 және 11 сынып оқушылары сынақ тапсыруға дайындалып жатқаны баршаға мәлім. Ал бетпердені бірі талса, бірі ұмытып кететіні жасырын емес. Осыны ескерген Равиль қалада орналасқан 7 мектепке 20 мың бетпердені тегін таратты. Қорыппен таратылған бетпердені мектеп директорлары қабылдап, оған өз алғыстарын жеткізді.

– Елде дәріханаларда медициналық маскалардың тапшылығымен қатар, бағасының күрт көтерілуі ешкімді бей-жай қалдырған жоқ. Осы мәселені шешудің бір жолы ретінде дәріхана желісі тегін медициналық маскаларды таратуды ұйғарыпты. Біз алғысымызды жеткізеді, – деді №271 Байұзақ Еркембаев атындағы орта мектеп директорының орынбасары Зайрхан Жапанов.

Инеңнің жасуындай болса да жақсылық жасау ізгіліктің белгісі. Мұндай игі амалдың ел басына қатер төнгенде орны тіптен бөлек. Қазіргі уақытта жұртқа ауадай қажет

болып тұрған қорғанышты тегін таратқан кәсіпкер мұны өзінің парызы санайды.

– Қайырымдылық кез келген қиындықты жеңеді. Біз оған сенеміз. Білім ордасын таңдаған себебіміз оқушылар әлі ойын баласы. Олардың бәрі бетперде алып жүрмейді ғой. Сол себепті мектептерде үлестіруді жөн санадық. Мұғалімдер ҰБТ тапсыратын оқушыларға бере қояды. Бүгін 20 мың бетпердені үлестірдік, – деді «Фарматека» ЖШС-нің атқарушы директоры Равиль Гайниев.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ



Меншік иесі:



Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Апталығы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы нәзіктер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, жауапкершілігі менің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4843 Тапсырыс №743 Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ